

УДК: 327:627(925)

Ж. М. Кенжеғали

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Халықаралық қатынастар факультеті, Халықаралық қатынастар кафедрасы, 3 курс докторанты, Астана

С. Б. Кожирова

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Халықаралық қатынастар факультеті, Халықаралық қатынастар кафедрасы профессоры, Астана

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ОРТАЛЫҚ-АЗИЯЛЫҚ АЙМАҚТЫҢ СУ-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Орталық Азия өңір елдеріндегі тұрақтылықты қамтамасыз етудегі су-энергетикалық ресурстардың бөліну сипаты қарастырылады. Су-энергетикалық ресурстарды пайдаланудағы қайшылықтар мен оларды шешу жолдары талданады. Өңірдегі су-энергетика ресурстарын тиімді пайдалану үшін кеңестік кезеңнің ескірген кешендерін жетілдіруде жаңа жолдарды іздестіру мүмкіндігі қарастырылады. Мақалада Орталық Азия мемлекеттері үлкен көлемдегі су-энергетикалық ресурстар қорына ие бола отырып, ортақ шешімге келе алмай отырғандығы айтылады. Мемлекеттер өздерінің жеке экономикалық пайдасын көздеуі негізінде су мәселелерін шешуде қарым-қатынастарға кедергі жасап отырғандығы сөз болады. Авторлар өңірдегі су-энергетикалық ынтымақтастық бір ортақ мәмілеге келіп, бірлескен шешімдер қабылданбағанша, су-энергетикалық ресурстар тапшылығы жылдан-жылға арта береді деген болжамдар жасаған.

Тірек сөздер: *Орталық Азия өңірі, су-энергетикалық ресурстар, трансшекаралық өзендер, су саясаты, энергетикалық қауіпсіздік.*

Аннотация

В статье рассматривается характер распределения водно-энергетических ресурсов стабильности в странах Центрально-Азиатского региона. Анализируются противоречия в использовании водноэнергетических ресурсов и пути их решения. Рассматривается возможность поиска новых путей усовершенствования устаревших комплексов советского периода для более эффективного использования водноэнергетических ресурсов в регионе. В статье говорится, что страны Центрально-Азиатского региона, имея большой водно-энергетический ресурс не могут прийти к общему решению. Государства в поисках своей личной экономической выгоды препятствуют развитию взаимоотношений при решении водной проблемы. Авторы прогнозируют, что пока водноэнергетическое сотрудничество региона не придет к компромиссу, дефицит водноэнергетического ресурса будет расти из года в год.

Ключевые слова: *Центрально-Азиатский регион, водноэнергетические ресурсы, трансграничные реки, водная политика, энергетическая безопасность.*

Abstract

The article considers the distribution of water and energy resources in ensuring stability in the countries of Central Asian region. The authors analyze the dispersion was carried out on the use of water and energy resources. The ways of solving them. The ability to search for new ways to improve antiquated Soviet-era systems for more efficient use of water and energy resources in the region. The article said that the countries of the Central Asian region with high water and energy resources can not come to a common decision. States in search of their personal economic benefits prevent the development of mutual relations. The authors predict that until the water-energy cooperation in the region will not come to a compromise deficit of water and energy resources will grow from year to year.

Keywords: *Central Asian region, water and energy resources, transboundary rivers, water policy, energy security.*

Бүгінгі күні Орталық Азия өңіріндегі су-энергетикалық ресурстарды пайдалану және оның мемлекеттердің саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайына тигізетін ықпалы туралы бірқатар материалдар жинақталған [1]. Алайда су шаруашылығы және энергетикалық

кешен саласындағы мемлекетаралық қатынастарды реттейтін аймақтық келісімдер белгілі деңгейде жүйеленбеген, бірлесе айқындалмаған және бір-біріне қарама-қайшы.

Осы орайда Орталық Азия өңірі су жүйесінің бөлінісін қарастырған кезде зерттеушілер Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан, Қазақстанның оңтүстік бөлігін, Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданының батыс бөлігін, Ауғаныстанның солтүстік бөлігін қамтиды.

Бұл заңды құбылыс, себебі Орталық Азия мемлекеттері бір-бірімен Әмудария, Сырдария, Тарим және Ертістің өзен сулы жүйелерімен байланысып жатыр. Қазіргі таңда бұл табиғи негіз саяси-экономикалық және әлеуметтік маңызға ие, бұл өз алдына аймақ елдерінің ғана емес, әлемдік қауымдастықтың назарын аударуда. Орталық Азия мемлекеттерін Әмудария мен Сырдария өзендері доға тәріздес орап, аймақты сумен қамтамасыз етіп отыр.

Қазіргі кездегі Орталық Азия өңірінде туындап отырған су-энергетикалық ресурстар мәселесі – бұл бір күнде немесе бір жыл бойында қалыптасқан мәселе емес. Кеңестік кезеңде аймақтағы суды жинақтау, оны бөлу және егістік үшін пайдалану және т.б. мәселелерді келесі реттілікте шешіліп отырған.

Мысалы, Қырғызстан жағдайында сол кездегі Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі мен Энергетика министрлігі бастаған Одақтық Орталық қырғызстандық гидроэнергетикалық тораптарды пайдалануда сенімді техникалық жағдайларда жұмыс жасауына көмек беріп және кейбір жағдайларда федералды бюджет есебінен шығындарды өтеп отырды. Алайда шығындардың бірқатар бөлігі жылдан жылға қалып қойып отырған болатын. Оның себебін федералды бюджеттегі және суды тұтынушы көрші мемлекеттер бюджеттеріндегі тапшылықпен түсіндірген болатын.

Дегенмен, кеңестік кезеңде бір жағдай бұлжытпай орындалып отырды.... Қырғызстан күзде және қыста Тоқтағұл ГЭС-не су жинақтап электроэнергияны шығармайтын және жинақталған суды өсу мерзімінде Өзбекстан, Қазақстан және Тәжікстанға жіберіп, оның орнына газ, мазут және көмір алып отырды.

Осы тұста 1958 жылғы 20 сәуірдегі №730 Қазақ КСР Министрлер кеңесінің және 1958 жылғы 8 сәуірдегі КСРО Мемлекеттік жоспарлау шешімдеріне сәйкес Электрстанциялар құрылысы министрлігінің С.Я. Жук атындағы бүкілодақтық жобалық-зерттеу және ғылыми-зерттеу институты Гидрожоба жасаған. Қазақ КСР-ын сумен қамтудың Бас үлгісінің жұмыс кестесі жайлы және оны техникалық сараптау нәтижелері жөніндегі анықтамасында: «Считаем для успешного завершения работ по составлению Генсхемы следует предварительно рассмотреть в Госплане Союза ССР отдельно схему использования водных ресурсов бассейна реки Сыр-Дарьи с участием представителей всех республик Средней Азии и Казахстана» [2, 27-б.] – деп белгіленіп, Орталық Азия мемлекеттері арасындағы Сырдария алқабындағы суды пайдалануда бірлескен шешімдер қабылдағанын аңғартады. Яғни жоспарлы түрде су жүйесінің бөлінісі одақтас мемлекеттер арасында талқыланып, шешімдер бірлесе шығарылып отырды.

Финнь климатологы Олли Варистің мақаласында «Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан және Қазақстан КСРО кезеңінде басқа мемлекеттерге ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдаушы мемлекеттер ретінде қалыптасты» деген пікір айтылған [3, 27-б.]. Су-энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімді жағдайда және мемлекеттер арасында Орталықтың берген жоспарларына сәйкес жүргізілді деп атап өттік. Әрине, ол кезде суды пайдалану суармалы шаруашылық үшін тиімді болды. Себебі, Қазақстан және Өзбекстан территорияларында өндірілген ауыл шаруашылығы және өндіріс өнімдері басқа да одақтас мемлекеттерге жіберіліп отырды.

Мысалы, 1986–1991 жылдары Тоқтағұл су сақтағышындағы суды жинақтау мен өткізу 68,3 млн. м³ құрады. Осы аталған алты жылдың ішінде Өзбекстан мен Қазақстан берілген су көлемінің орнына Қырғызстанға 11 млн. тонна көмір, 3,6 млн. тонна мазут, 9,7 млн. м³ табиғи газ жөнелтіп отырды. Бұл Өзбекстан, Қазақстан және Қырғызстан арасындағы дұрыс әрі өзара тиімді экономикалық ынтымақтастық болды [4, 10-б.].

Тәуелсіздік алғаннан кейін Орталық Азия республикалары арасындағы мемлекетаралық байланыстар үзілді, теміржол тасымалдауларында тарифтер өсті, экономиканы либерализациялау үрдісі көмірсутекті отынның барлық түрлеріне бағаның көтерілуіне әкелді. Салдарынан су қоры жағынан алдыңғы қатарда тұрған мемлекеттер Қырғызстан мен Тәжікстан энергетикалық дағдарысқа ұшырады. Бұл дағдарыс салдары бүгінгі күнге дейін шешімін таба алмай келеді. «Мемлекеттердің географиялық тұрғыдан Сырдария мен Өмудария бассейндерінің су жинағыш жоғарғы жағында тұрғандығына қарамастан, ішкі қазба байлықтары шектеулі, оның есесіне Қазақстан үлесіне көмірсутекті отынның 77,4% қоры, Өзбекстанның үлесіне 12,7 % қоры жинақталған» [5, 69-б.].

С.К. Аламанов бастаған авторлар ұжымы өздерінің «Изменение климата и водные проблемы в Центральной Азии» еңбегінде Орталық Азиядағы су ресурстарының көлемін есептеп, трансшекаралық өзендердегі су деңгейінің өзгеруі бойынша көлемдік мәліметтерге талдау жасаған. «Өмудария Вахш өзенінің құймасынан құралып, Қырғызстан таулы аймағынан, Ауғаныстан территориясынан келетін Пяндж өзенінен бастау алып жағалауында Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғаныстан, Өзбекстан, Түркіменстан және Иран орналасқан аймақтың ірі су ағысын құрайды. 2620 км ұзындықта 227 000 км² су жинау көлемін ескеретін болсақ, ол жылына 78,5 км³ тең, жылдық теңдеулері шамамен 47–108 км³ көлемінде өзгеріп отыратын орта көп жылдық ағысты құрайды.

Көлемі жағынан аймақтың екінші өзені Сырдария Нарын және Қарадария өзендерінің құйылуынан түзіледі және Ферғана алқабының оңтүстік-батыс баурайларынан, Алтай және Түркістан жоталарының солтүстігінен ағатын өзендер ағымын қабылдайды. Оның ұзындығы 2 860 км құрап, су жинау көлемі 136 000 км² және орта көпжылдық ағымы жылына 37 км³. Жыл сайынғы ағыс деңгейі 21-ден 54 км³ дейін өзгеріп отырады. Сырдария өзені Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Қазақстан территориялары арқылы ағып өтеді.

Үшінші гидрографиялық жүйе, Қытай территорияларына құятын Қырғызстан тауларынан Тарим су салаларынан (Сарыжаз, Үзенгікөш, Ақсай, Қызылсу – ағыс көлемі 7,1 км³) және Тәжікстаннан (Марқансу, ағысы 0,5 км³) құрылады.

Қазақстан Қытаймен Қара Ертіс (шамамен 10 км³), Іле (шамамен 10 км³) және ҚХР территориясынан ағатын жиырмадан аса ұсақ өзендермен байланысады. Қырғызстаннан Қазақстанға Шу (3,6 км³), Талас (1,6 км³) және Қарқара (шамамен 0,3 км³).

Орталық Азияда 4000-нан астам су қоймалары – көлдер мен су сақтағыштар орналасқан. Олардың ішіндегі ең ірісі, кезінде әлемдегі төртінші орынды алып тұрған Арал теңізі, ең терең көлдердің бірі – Ыстықкөл (668 м), батысында тұщы және шығысында ащы бөлікке бөлінген ірі көлдердің бірі – Балқаш көлі орналасқан.

Нарын өзенінің алқабында көлемі 19,5 км³ құрайтын Тоқтағұл, Вахш өзенінде – көлемі 10,5 км³ құрайтын Нұрек су сақтағыштары орналасқан. Сонымен қатар Орталық Азия аймағындағы маңызды су артерияларын қамтамасыз ететін 3000 өте ұсақ жоғарғы таулы мұздықты көлдер, маусымдық реттеліп отыратын ондаған су сақтағыштар, он күндік және тәуліктік реттеліп отыратын мыңнан аса бассейндер мен тоғандар орналасқан» [6, 104-б.]. Сөз жоқ, мұның бәрі Орталық Азия аймағындағы үлкен су қорының шоғырланғандығын және аймақтағы су қорының бірдей деңгейде тұрмайтындығын аңғартады.

Көптеген су қорларының бастамасы Орталық Азия территориясына Памир, Тянь-Шань, Алтай тауларында қалыптасатын мұздықтардан келетіні белгілі. Сондай-ақ, авторлар ұжымы келтірген 2006 жылғы мәліметтер бойынша «17 950 км³ құрайтын мұздықтар жылдың жылы маусымындағы өзендер ағысының маңызды көзі болып табылады. Аймақ елдерінің территориялары бойынша олар бірдей бөлінбеген. Қырғызстан төңірегінде 8200 мұздық есептелінген, олардың жалпы көлемі 8169,4 км² құрап, елдің 4,2% алып жатыр. Тәжікстанда мұздықтардың көлемі 8492 құрап, көлемі 8476,2 км² құрайды, бұл республиканың 6% жерін алып жатыр деген сөз. Олардағы су қоры 500 км³. Мұздықтардың қалған бөлігі Іле Алатауы, Жоңғар, Күнгей және Теріскей Алатау жоталарында Қазақстанда

шоғырланған. Өзбекстан үшін мұз басу сипатты емес» деген тұжырымдар келтіріледі [6, 105-б.].

Алайда, кейінгі 2014–2015 жылдары мұздықтардың еруі бойынша мәліметтерді сараптайтын болсақ өзбекстандық мамандардың, соның ішінде Өзбекстан Республикасының Министрлер Кабинетінің гидрометеорологиялық қызмет Орталығының Бас директоры В.Е.Чубтың пікірінше «Пскем, Қашқандария және Сурхандария өзендерінің бассейндерінде ортақ көлемі 158,192 км² құрайтын 613 мұздық бар, олардың ортақ көлемі 99,69 км² құрайтын 411 мұздығы Өзбекстан территориясында орналасқан» [7, 13-б.]. Сонымен, «Өзбекстанды мұз басу сипатты емес» деген пікір біржақты деп есептеуге болады. Климаттың өзгеруі мұздықтардың еруіне әкелетіні сөзсіз. Бұл мәселені шешуде Орталық Азия мемлекеттері қазіргі жаһандық үлгіні ескере отырып, бірлесе жұмыстар жүргізуі қажет. Олар бірлескен мемлекеттік деңгейдегі осы мәселені зерттеп жүрген ғылымдар мен саясаткерлердің басын біріктіре отырып, мұздықтарды сақтап қалу, соның негізінде су ресурстарын тиімді пайдалану жолдарын қарастыруы қажет.

Осылайша, Орталық Азия мемлекеттеріндегі су көлеміне мұздықтардың тигізетін орны ерекше. Қазіргі көптеген факторлар негізінде мұздықтардың еруі осы мемлекеттердің экологиялық және экономикалық қауіпсіздігіне үлкен ықпал тигізіп отыр. Орталық Азияның жинақталған су ресурстары еріген мұздық суларынан қалыптасады және кейінгі жылдардағы мұздықтардың қалыпты жағдайын сақтап тұруда атмосфералық жауын-шашынның азайып кетуіне байланысты мұздықтардың тез еруі апаттық жағдай туғызуы мүмкін.

Орталық Азия мемлекеттері арасындағы су ресурстарының бөлінісі нақты мәліметтермен С.К. Аламанов бастаған авторлар ұжымы құрған келесі кестеде келтірілген (1-кесте), бұлар негізінен аймақтағы су шаруашылық жүйесін түзеді.

1-кесте.
Мемлекеттер шеңберіндегі Орталық Азия мемлекеттерінің өзендерінің су ресурстары (км³/жылына), (2006 ж. мәліметтер бойынша) [6, 105-б.]

Мемлекеттер	Амудария басс.	Сырдария басс.	Балқаш басс.	Ыстықкөл басс.	Тарим басс.	Барлығы	%
Қазақстан	-	4,5	23,8	-	-	28,3	17,9
Қырғызстан	2,0	34,0	0,3	3,7	7,1	47,1	29,8
Тәжікстан	62,9	1,1	-	-	0,5	64,5	41,0
Түркіменстан Иранмен бірге	2,8	-	-	-	-	2,8	1,8
Өзбекстан	4,7	4,1	-	-	-	8,8	5,6
Ауғаныстан	6,2	-	-	-	-	6,2	3,9
Барлығы	78,6	38,2	29,3	3,7	7,6	157,4	100
%	49,9	24,3	18,6	2,4	4,8		100

1-кестеде көрсетілгендей, өзен су қорларының жартысы Амудария су жинағында, төрттен бір бөлігі – Сырдарияда, Балқаш және Ыстықкөл жабық бассейндерінде – 21%. Ағыстың негізгі бөлігі Тәжікстан территориясында (41%), бірқатары Қырғызстан территориясында орналасқан (29,8%) [6, 105-б.].

Келтірілген мәліметтерге сүйенсек су жүйесінің үлкен бөлігі Тәжікстан мен Қырғызстан территорияларында шоғырланған. Бұл екі мемлекет үшін су табиғат байлықтарының таптырмас көзі. Біз жүргізген жеке сұхбат кезінде белгілі қырғызстандық гидролог С.К.Аламанов келесі ойын білдірді: «Аймақта суға қатысты бірқатар шиеленісті жағдайлар жиі орын алып тұрады. Әсіресе классикалық тұрғыда өзендердің жоғарғы ағыстары мен өзендердің төменгі ағыстарындағы мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылықтар

ерекше. Бұның өзі тарихи-географиялық белгіленген жағдайларға байланысты. Өзгермелі жағдайларда суды бөлісу жүйесінің өзгермеуі, күрделі мәселелер туғызып отыр. Кеңестік кезеңде осы жүйенің ішінде бөлшектер болып жүрген өзге мемлекеттер бір жүйенің қажеттіліктерін қамтамасыз етуде қызмет жасаса, қазіргі жағдай өзгеше. Сол кездегі су бөлу жүйесін қайта қарап аймақ мемлекеттерінің ерекшеліктеріне ыңғайлап қайта құру қажет». Ғылымның бұл пікірімен келісуге болады, себебі, қазіргі су ресурстары мәселесі, орталықазиялық мемлекеттер арасында бірлескен оңды шешімдерді талап етіп отырған күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі.

«Орталық Азияда су қоры жеткілікті деңгейде, бірақ аймақ мемлекеттері арасында бірдей бөлінбеген. Әмудария (2,087 м³) және Сырдария (1,744 м³) өзендерінің бассейндеріндегі халықтың жан басына шаққандағы тұщы суды тұтыну көлемі, БҰҰ су тапшылығы жөнінде көрсеткен мәліметтерінен жоғары: халықтың жан басына шаққандағы сақталатын тапшылық 1,000 м³ құрайды. Салыстырмалы түрде алып қарайтын болсақ Данияда халықтың жан басына шаққанда 1,128 м³ су, Германияда - 1,878 м³ және Ұлыбританияда 2,465 м³» тұтынады [3, 28-б.].

БҰҰ болжамы бойынша 2025 жылға таман Орталық Азия мемлекеттері тұрғындарының саны 85 млн. адамға дейін өсуі ықтимал. 2016 жылдың бас кезіндегі мәліметтер бойынша аймақ халқының саны 69,8 млн адамды құрап отыр (2-кесте). Тұрғындар санының артуы ауыл шаруашылығы мен өндірістік өнімдерді тұтынуымен қатар жүретіні белгілі. Сонымен қатар ауыл шаруашылығының дамуы ауа-райы жағдайларына орай суармалы жер шаруашылығы арқасында ғана мүмкін, бұл өз алдына суды үлкен көлемде қажет ететін сала болып табылады. Осы салада көп мөлшерде су тұтынылатындығы да сөзсіз.

2-кесте

Орталық Азия мемлекеттерінің жер көлемі мен халық саны

Мемлекеттер	Территория көлемі (мың км²)	Тұрғындар саны (млн адам)
Қазақстан	2724,9	17,7 (2016 ж. басы)
Қырғызстан	199,9	6,0 (2016 ж. басы)
Тәжікстан	143,1	8,4 (2015 ж. басы)
Түркіменстан	491,2	6,7 (2006 ж. басы)
Өзбекстан	447,4	31,0 (2015 ж. басы)
Орталық Азия бойынша	4006,5	69,8

Дерек: ТМД статистикалық комитеті - [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.cisstat.com/> (қарау мерзімі 02.03.2016)

Су ресурстарын сақтап қалудың келесі өткір мәселелерінің бірі – бұл су сақтағыштардағы жылдың жылы мезгілдеріндегі судың булануы. Біз жоғарыда атап кеткендей, орталықазиялық мемлекеттерде суды суармалы алқаптарға пайдалану КСРО кезеңінен жүзеге асырылып келді. Қазіргі уақытта суармалы алқаптарға жіберілетін су буланып, сонымен қатар жер өңдейтін жүйелерде қалып қояды. Бұл өз алдына суды тиімді пайдалану жолдарының жоқтығынан және белгілі деңгейде техникалық тұрғыдан қамтамасыз етілмейтіндігін аңғартады. Климаттық факторлар ішінде аймақтағы су мәселелерінің қалыптасуында булану алдыңғы орында тұр. Сонымен қатар қазіргі өткір мәселелердің бірі – суармалы алқаптарды шектеу қажеттіліктері туындап отырған сияқты.

Суландыру – су қабатының құрғап кетуіне әкелетін посткеңестік мемлекеттердегі интенсивті өндіріс болып табылады. Осыған орай Кеңестік суландыру жүйесінен бас тартып оңтайлы шешімдер қабылдай отыра, экономикалық салада реформалар жүргізу қажет. Бұл өз алдына қоршаған орта мен қоғамдағы қысымды азайтуға көмектеседі. Қазіргі уақытта Орталық Азия мемлекеттері ішінде Қазақстан Республикасының жасыл

экономикаға өту саясаты, энергияның балама түрлерін табу және т.б. энергетика көздерін үнемді пайдалану жолындағы өзгерістері осындай бастамалардың бірі.

Сонымен қатар, финн зерттеушісі О. Варис, егер де Орта Азия мемлекеттері өздерінің су ресурстарын тиімді пайдаланбаған жағдайда оларды барлық әлеуметтік-экономикалық салаларды қамтыған Таяу Шығыс және Солтүстік Африканың жағдайы күтіп тұр деген болжамдар жасаған еді. Зерттеушінің есептеуінше осы саладағы аймақтың дамуына үлкен көлемде Түркіменстан кері ықпалын тигізуде және тұщы суды тиімсіз пайдалануда көшбасшы болып тұр деген болжамдар келтірген.

Қазіргі экологиялық және энергетикалық қауіпсіздікті сақтауда мемлекеттер бірлесе қызмет жасағаны жөн. Бір ғана Арал теңізінің жағалауындағы кемелердің ескі қалдықтары, тартылған және тұзды шөлейтке айналған жағалаулар қоршаған ортаның ыдырауына әкелгендігін аңғартады, кезінде Қазақстан мен Өзбекстанның қызығушылықтарын қамтып отырған Аралдың тартылуы табиғат апаттарының ішіндегі ірі көрінісі болып отыр.

«Түркіменстанның 70% территорияларының және Өзбекстанның жарты жер қабатының шөлге айналуы Арал теңізі жағалауынан соғып отырған тұзды тозаңның салдары» [3, 27-б.] екендігі де сөзсіз. Булану негізінде тұзды тозаң ауа арқылы таралып мұздықтардың еруіне алып келеді.

Теңіздің тартылып кеткен жағалаулары Орталық Азиядағы аса үлкен көлемдегі суды пайдаланудың салдары. Суды тиімсіз пайдалану біріншіден, үлкен көлемдегі мақта және күріш алқаптарын суармалы жүйесінің үлкен мөлшердегі суды алып қоюында, екіншіден, су жүйелерінің қалыптасуында жер қабатындағы плиталардың орын ауыстыруы объективті себептері болып табылады.

Осы мәселелерді ескере отырып орталықазиялық мемлекеттер тарапынан су саласын зерттеп жүрген мамандар, саясаткерлер, дипломаттар бірлесе қызмет жасауы қажет. Орталық Азия мемлекеттері өздерінің егемендігін айқындай отырып, экономикалық және саяси дағдарыстардан арылу мақсатында бір-бірімен бәсекелес мемлекеттер ретінде емес, керісінше, жақын көрші мемлекеттер секілді бірлескен жұмыстар жүргізгені дұрыс. Бұған бірден-бір себеп Сырдария, Өмудария және Зарафшон секілді өзендер алқабының бөлінісі, осының салдарынан суға қол жеткізу үшін мемлекеттер тарапынан саяси қысымдардың өсуінде және әр мемлекет өзінің саяси және экономикалық пайдасын көздеуінде болып отыр. Оңтайлы шешімдер шығып, келісімдер жасалған жағдайда ғана су-энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануға жол ашылған болар еді.

Орталық Азиядағы суға қатысты негізгі мәселе – ол суға деген үлкен сұраныс. Осы жағдайды реттеу ауыл шаруашылығынан да тиімдірек және аз көлемдегі суды қажет ететін, табиғат ресурстарына қарағанда адам потенциалына басымдық беретін аймақтық өндірісті дамыту болып табылады. Аймақ мемлекеттерінің экономикасын өміршең деңгейге жеткізбейінше Орталық Азияның тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне қатер төніп тұр деген болжамдар жасауға болады.

Түркіменстанның құрғақ климаты мен кедей жер қыртыстары бір тонна астық өндіру үшін 2000-4000 м³ суды қажет ететіндігін көрсетеді, осы жағдайда Қазақстанның солтүстік өңірлері үшін жауын-шашындар жағдайында ешқандай суландыруды қажет етпей өнім алуға болады. 1992–2007 жылдары Түркіменстанның бірқатар жерлерінің шөлейттенуіне қарамастан егістік алқаптары тоғыз есеге дейін өскен болатын. Мәселе басқада, Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін Орталық Азиядағы жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) ауыл шаруашылығындағы үлесі бірдей бөлінген болатын. Оның орнына экономикалық өсім мұнай және газ, қалалардың өсуінде көп көрініс беріп отыр. Орталық Азия мемлекеттерінің экономикасы ауыл шаруашылығы және қазбалы жағармай өндірісі секілді бастапқы өндіріске шоғырланып отыр. Суға деген экономикалық қайтып оралу әлемнің басқа аймақтарына қарағанда төмен.

Ферғана алқабындағы Сырдария, Өмудария және Зарафшон өзендер бассейндеріндегі ортақ су қоймасына қол жеткізу маңайында даулар ұлғайып отыр, әсіресе бөгеттерге қатысты. Бұл жерлерде су ресурстарын бөлісуде Түркіменстан-Өзбекстан арасындағы бақталастың күрделі тұстары бар.

Бұл бақталастық Түркіменстан тарапынан «Алтын Ғасыр» көлі жобасына ұласқан болатын. Түркіменстан Республикасының Президенті Ғұрбанғұлы Бердімұхамедовтың бірқатар мәлімдемелеріне сүйенсек республиканы сумен қамту мемлекеттік саясаттың басым бағыты және халықтың әл-ауқатын жақсартудың «негізгі факторы». Түркіменстан су ресурстарын келісілген квоталарға сәйкес төрт трансшекарлық өзендерден (Әмудария, Теджен, Атрек және Мургаб), сонымен қатар өзінің шағын су көздерін пайдаланады. Әмудария бұл жағдайда ерекше орынға ие, себебі одан келетін су Қарақұм каналы арқылы келіп, әрі қарай су құбыры арқылы Каспий жағалауына жетеді. Бұл дегеніміз барлық елді сумен қамтамасыз етеді және Түркіменстанның су ресурстарының 94% құрайды.

Қарақұм каналына суды тарту көптеген сарапшылардың пікірінше Түркіменстанның «қуанышына» орай шектеспеген Арал теңізінің біртіндеп құрғауына әкелді деген болжамдар да жоқ емес.

XX ғ. 70-ші жылдарында бастау алған «Алтын Ғасыр» жобасы Кеңестер Одағының ыдырауы салдарынан тоқтатылған болатын. «Жоба 2000 жылы сол кездегі Түркіменстан Президенті Сапармұрат Ниязовтың басшылығымен қайта жанданды. Жобаның мақсаты – сусіңгіш (дренажды) суларды жинауды, алқаптарды суаруға пайдаланатын Әмудария суларын бір ретке келтіру болды, ал ластанған тыңайтқыштар мен улы химикаттарға толы су құмға шығарылып тасталынады. Түркімен билігінің ойынша «Алтын Ғасырды» суландырып тұратын коллекторлардың жалпы ұзындығы 2654 км құрайды. Қарашор ойысына толтыру нәтижесінде түзілген теңіз орташа 69 м тереңдікте ұзындығы 103 км, ені 18,6 км құрауы қажет. Болжамдар бойынша оған жылына 10 км³ су келіп тұрады. Жоба бойынша теңізді құру 450 мың гектар жерлердің кері кетуінің алдын алады және 10,5 млн. гектар жайылымдық жерлерді сумен қамтиды» [8].

Бұл жоба жүзеге асқан жағдайда Түркіменстан өзінің бірқатар терриорияларын сумен қамтитыны сөзсіз, алайда судың ластануы жайында және оның өзге аймақтарға таралу қауіпі жайлы ойланған жөн. Тым үлкен көлемдегі суды Әмудария арқылы тарту төменгі ағыста орналасқан Өзбекстанның қауіпсіздігіне тигізетін ықпалы күшті. Өзбекстан тарапы бұндай шешімдермен келіспейді. Осы мәселені жоғарғы мемлекеттік дегейдегі әртүрлі бас қосуларда Өзбекстан Республикасының Президенті И. Кәрімов жиі қозғаған болатын. Егер қажет болған жағдайда Өзбекстан өз суларын әскери қарумен қорғауға дайындығын да білдірді. Жоба аяқталған жағдайдың өзінде Түркіменстан мен Өзбекстанның жер қабатының тұздануының ұлғаю қаупі бар.

Бұл жағдай Орталық Азия аймағының өзге де мемлекеттерінде көрініс беріп отыр. Қазақстанның оңтүстік өңірінде Әмудария мен Сырдария алабының 2 миллион гектар жері шөлге, топырақты сор, тақырға айналған Арал табанынан ұшқан тұздар экожүйені қайтымсыз бүлдіруде. Жаңа антропогендік ландшафтының қалыптасуы әлемдік деңгейде де байқалады.

Орталық Азия мемлекеттері тарапынан суды қарқынды түрде пайдалану, судың ластануы салдарынан экологиялық жүйенің нашарлауына, өсімдіктер мен орманды алқаптардың қысқаруына әкеліп соғып отыр.

Осындай жағдайда Орталық Азияның «жазықта» орналасқан Өзбекстан мен Түркіменстан мемлекеттері үшін өздерінің су-энергетикалық потенциалдарын арттыру қазіргі күн тәртібіне еніп отыр. Түркіменстан тұрғындарды таза ауыз суымен қамтамасыз ету жолын таңдаса Өзбекстан үшін суды тұтыну жүйелерін модернизациялауды іске асыруда. Өзбекстанда кіші және орта гидроэнергетиканы дамыту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қазақстанда Арал теңізінің солтүстік сегментін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар атқарылуда. Іс жүзінде жергілікті су сақтағыштар болып табылатын гидротехникалық құрылыстар жүргізу жұмыстары да қарқынмен жүргізілуде.

Қырғызстанға келетін болсақ 2012 жылғы 20 қыркүйекте жоғарғы мемлекеттік деңгейде қол қойылған Қамбар ата – 1 ГЭС-і мен ГЭС-ның Нарынның жоғарғы каскадының құрылысы жөніндегі Қырғызстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Келісімдеріне қол қойылып, оның негізінде көрші мемлекеттерден

электр қуатын тасымалдауды шектеу мен ішкі жоғарғы кернеулі желілер салуға жол ашқан еді [9, 3-б.].

Алайда, Қырғызстан территориясында жалпы саны бес гидроэнергетикалық объектілерді салу келешегі, сонымен бірге қырғыз басшылығының Орталық Азиядағы ірі Тоқтағұл ГЭС-ын модернизациялау (модернизациялаудың есептік бағасы – 55 млн. АҚШ доллары) бойынша мәлімдемелері осы уақытқа дейін жоба ретінде қалып отыр.

Қырғызстан үшін жаңа электростанцияларды айналымға енгізу ауыр және өзекті мәселе. Жиырмансыншы қаңтарда қырғыз парламенті Қырғызстан территориясында жоғарыда аталған ГЭС-ды салу жөніндегі Ресейдің қатысуы туралы шарттардың күшін жойды [10, 3-б.]. Соның арқасында қырғыз депутаттары өткен жылдың соңында шыққан шешімдерін бекітті. Қазіргі уақытта қырғызстандық тараптан гидроэлектрстанциясының құрылысын жалғастыру бойынша Ресейден басқа сырттан инвесторлар тарту көзделіп отыр.

Бұл Ресейдің өз алдына Орталық Азия аймағындағы «жұмсақ күш» көмегімен экономикалық тетіктер арқылы өзінің ықпалын сақтап қалу сенімінің әлсірегендігін байқатты. Мұндай жағдай 2004 жылы Ресейлік «Росал» корпорациясы Тәжікстандағы кеңестік кезеңнен келе жатқан Рогун ГЭС-ын салуды қолға алған кезде де болған еді.

Қырғызстан үлкен көлемдегі гидроресурстарға ие бола отырып, екінші жыл қатарынан электр қуатын импорттауға мәжбүр болды. Бұған екі себеп бар, біріншісі мұздықтардың тез еруіне байланысты өзендердің суының тартылуы. Осы фактор 2014 жылы ерекше күрделі ықпал еткен болатын, судың саяздануы салдарынан қыс уақытында жарықтың сөнуіне әкелді. Қырғызстан электр қуатын Қазақстаннан импорттау арқасында қалпына келтірді. Екінші себеп, қазіргі қызмет жасап тұрған ГЭС-дың құрылғылардың тозуы салдарынан өткен жылы желтоқсан айында Тоқтағұл ГЭС-де екі агрегат жұмыстан шыққан кезде ірі апат орын алып, электр қуатын өндіру төмендеп кеткен болатын. Өзге де ГЭС-терде жағдайы да осындай. Қырғызстан үшін жаңа гидроэнергетикалық жобаларды кейінге қалдыру қауіпті. Жаңа электр станцияларының құрылысы электр қуатын экспорттауға және мемлекет ішіндегі энергетикалық қауіпсіздікті сақтауға мүмкіндік береді [11]. Қырғызстан Республикасы тарапынан қазіргі таңда Қытай секілді ірі державалардан инвестициялар тарту қажеттілігі туындап отыр. Ресейдің аймақтағы ықпалының әлсірегендігін бақылап отырған Қытай билігі де Қырғызстанның су-энергетикалық жүйесіне қызығушылық танытуда.

Осылайша, трансшекаралық суларды пайдалану бойынша орталықазиялық мемлекеттер саясатынан аймақтық тұрақтылық арасына жарықшақтар байқалады. Орталық Азиядағы су-энергетикалық ресурстарды пайдалану мәселелерінде, соның ішінде Қамбар ата – 1 ГЭС-ын салу жобасы қырғыз-өзбек қатынастарына қосымша шиеленіс тудырады. Өзбекстанның бастапқыдағы бейтараптық ұстанымы қазіргі уақытта саяси қарсы позиция ұстанып отыр. Осы орайда Тәжікстан, Қырғызстан және Қазақстан жүргізіп отырған су саясатына қатысты сыни көзқарастар орын алуда. Сыртқы саяси орталықазиялық «су мәселесі» жариялық ішкі саяси бағыт алған секілді.

Осындай кедергілерге қарамастан Қазақстан тарапынан жасалынған арнайы қолдау мен Тәжікстанның позитивті ұстанымы Қырғызстанның гидроэнергетикасын дамытуға жол ашып, Орталық Азиядағы су-энергетикалық ресурстарды пайдаланудағы қарама-қайшылықтарды шешуге негіз болады. Және де, жақын он жылдық ішінде аймақтық су ресурстарын «әртараптандыру» негізінде жүргізіліп отырған шаралар, су-энергетикалық ресурстарды пайдалану бойынша шешімдерде айтарлықтай өзгерістер болмайды деген болжам жасауға мүмкіндік береді.

Орталық Азиядағы су-энергетикалық ресурстар бойынша арақатынасын, қорытындылайтын болсақ, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қауіп-қатерлердің өсуімен болжанады. Аталған қатерлерді жою үшін орталықазиялық мемлекеттер арасында келісімдер жасауды жеделдету қажет. Бұл үшін мемлекеттер арасындағы ғана емес, сонымен бірге осы келісімдерді жасау бойынша ұлттық, мемлекетаралық және аймақтық деңгейдегі халықаралық ұйымдар арасында келісілген саяси ерік пен жұмысты қажет етеді.

Мемлекеттердің және ұйымдардың қазіргі материалдық-шаруашылық (экономикалық), келешек-ұйымдастырушылық жұмыстары су-энергетикалық жоспардағы тәртіптерді нақтылау ғана емес, сонымен қатар аталған аймақтың экологиялық әртараптандыру мүмкіндіктерін ескеру шеңберінде жүргізу қажет. Осыған орай, экологиялық мәселелер мен қызметтес мемлекеттердің келісілмей атқарылып отырған бағалау жұмыстары қолданыстағы су-энергетикалық баланстың нашарлауын ескере отырып, жүргізілуі қажет.

Қазіргі уақыт аралығында біз аталған жол карталарын шешуде бірінші қадам ретінде Орталық Азия мемлекеттеріндегі су ресурстарын қолданып отырған шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға ықпалын азайтуға ұсыныс білдіре аламыз.

Орталық Азия мемлекеттері үлкен көлемдегі су-энергетикалық ресурстар қорына ие бола отырып, белгілі бір ортақ шешімге келгені дұрыс. Тараптар 1960 жылы сақталған дәстүрлі суды пайдалану жүйесінен бас тарта отырып, оның өздеріне тиімді тұстарын үлгі ретінде алуы қажет. Суға деген ортақ қызығушылықтар негізінде, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатын жаңа аймақтық экономика құру мақсатында суды пайдалануда дұрыс шешімдер қабылдаған жөн. Осындай су-энергетикалық ресурстардың үлкен қорына ие бола отырып, күштері мен өз экономикаларын біріктірген жағдайда ғана, әлемдік саясат пен нарықтағы алдыңғы елдер қатарына қосылады деген сеніміміз бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1 *International Conference on Water Related Natural Disasters Reduction. Dushanbe, June 27-29, 2008; Водно-энергетические проблемы Центральной Азии и перспективы их решения. Сборн. матер. междунар. науч.-прак. конф., Алматы, 17–19 ноября 2013 г. – 160 с.; Транспортные коридоры Евразии: новые пути сотрудничества: Материалы междунар. конф. (20 апреля 2015 г., г. Астана)/ Отв. ред. Е.Т. Карин. – Астана: КИСИ при Президенте РК, 2015. – 112 с. және т.б.*

2 *Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты 708-қор. 34 – тізім. 265 іс. 27-п.*

3 *Olli Varis. Curb vast water use in central Asia // Nature. – October, 2014 – P.27–29*

4 *Усубалиев Т. У. Пусть вода Кыргызстана скрепит дружбу республик Центральной Азии // Эркин Тоо. – 1998. – 10 июля. – С.10–11.*

5 *Касымова В. М. Основы антикризисного управления в энергетике Кыргызской Республики. – / Б.: Издательско-полиграфический центр «Инсанат», 2009. – 380 с.*

6 *Аламанов С. К., Лелевкин В. М., Подрезов О. А., Подрезов А. О. Изменение климата и водные проблемы в Центральной Азии. Учебный курс для студентов естественных и гуманитарных специальностей. – Москва-Бишкек, 2006. – 188 с.*

7 *Отчет о научно-исследовательской работе «Оценка современного состояния оледенения горных районов Узбекистана (заключительный)». Руководитель темы Т. В. Кудышкин. НИГМИ. – Ташкент. – 2014. Қараңыз: В. Е. Чуб. Деградация оледенения и последствия изменения климата – трагедия или реальность? – НИЦ МКВК, Ташкент, 2015. – С. 11–16.*

8 *Зачем туркмены роют гигантское ядовитое озеро. – [ЭР]. Режим доступа: http://slon.ru/world/turkmenское_озеро-1181522.xhtml (дата обращения 02.03.2016)*

9 *Закон Кыргызской Республики «О ратификации Соглашения между Правительством Кыргызской Республики и Правительством Российской Федерации о строительстве и эксплуатации Верхне-Нарынского каскада гидроэлектростанций и между Правительством Кыргызской Республики и Правительством Российской Федерации о строительстве и эксплуатации Камбаратинской ГЭС-1, подписанных 20 сентября 2012 года в городе Бишкек» // Нормативные акты Кыргызской Республики. – 2013. – №11. – С.3–7.*

10 *Закон Кыргызской Республики «О денонсации Соглашения между Правительством Кыргызской Республики и Правительством Российской Федерации о строительстве и эксплуатации Камбаратинской ГЭС-1, подписанного 20 сентября 2012 года в городе Бишкек»; Закон Кыргызской Республики «О денонсации Соглашения между Правительством Кыргызской Республики и Правительством Российской Федерации о строительстве и эксплуатации Верхне-Нарынского каскада гидроэлектростанций, подписанного 20 сентября 2012 года в городе Бишкек» // Нормативные акты Кыргызской Республики. – 2016. – №5. – С. 3*

11 *Василевский А. Почему Киргизия отказалась строить с Россией ГЭС // Московский центр Карнеги. – [ЭР]. Режим доступа: <http://carnegie.ru/commentary/2016/01/22/ru-62547/it1y#> (дата обращения 02.03.2016)*

Дата поступления статьи в редакцию 03.06.2016